



«Бекітемін»

Мектеп директоры:

Джусупова Г.Б. *Г.Б. Джусупова*

«*16*» *05* 2026 ж

«Келісемін»

Оқу жұмысы жөніндегі орынбасары:

Жумабева Р.Т. *Р.Т. Жумабева*

«*16*» *мамыр* 2026 ж

«Қаралды»

Бірлестік отырысында

Хаттама № *4*

Аушакимова Б.Б. *Б.Б. Аушакимова*

«*16*» *мамыр* 2026 ж

«Жас лингвист» қазақ тілі мен әдебиетінің үйірме жұмысы бағдарламасы

Мұғалім: Аушакимова Багила Бижексыновна

Мектеп: Есенкелді ауылының негізгі орта мектебі

Сынып: 2, 6, 7, 8

Түсінік хат

Егеменді ел азаматын тәрбиелеудегі тіл мамандарының бірден бір алдына қойған міндеті - оқушыны тіл мәдениетіне байланысты теориялық білім бере отырып, оны өмірде орынды қолдана білуге баулу болып табылады.

Тіл мәдениетін қалыптастырудың жолы - тілдің халықтық қасиетін ауыз әдебиеті үлгілері, көркем әдебиеті арқылы бала бойынша сіңіру. Оқыған шығармасы бойынша ойын көркем етіп жеткізуге білу де-тіл мәдениетін меңгерудің бірден бір шарты. Әрбір оқушы өз халқының, ана тілінің мұрагері болуға тиісті.

Тіл тазалығына, сөйлеу шеберлігіне қазақ халқы ерекше мән берген. Ғылым-білім дегендерден алыс жүрген замандардың өзінде де тіл өнерін - өнердің өнері, «Өнер алды - қызыл тіл» деп бағалаған. Асылы, жақсы сөзді жанына азық ете білген, атқан оққа тоқталмаса да жүйелі сөзге бас иген, орнын тапқан екі ауыз сөзді ер құнымен теңестірген бір халық болса, ол қазақ халқы болар.

Оқушылардың тілінің жұтандығы мен тіл мәдениетінің төмендігінің өзіндік себептері бар. Олардың ең негізгілері: 1) жалпы білім беретін мектептердегі жазбаша сөйлеуге жаттықтыру, тіл дамыту жұмыстарының жүйесінің жасалынбауы; 2) жазбаша сөйлеу жұмыстарының мазмұны, мақсаты мен міндеттерінің нақтыланбауы; 3) мектептердегі бағдарлама, оқулық оқу құралындағы жазбаша тілін дамытуға байланысты материалдар көлемінің теориялық жағынан да тәжірибелік жағынан да анықталмауы; 4) жазбаша тіл дамытуда басшылыққа алатын оқушылардың сөйлеу икемділіктерін дамыта оқыту зерттеу мен тәжірибелердің қазіргі күн талаптарына сай болмауы.

Теориялық және тәжірибедегі маңызы: Оқушылардың жазбаша сөйлеу әрекеті мен оның түрлерін дамыту тілді қатысымды-танымдық тұрғыдан меңгерудің сапасын арттырып, әдістеме ілімін теориялық жағынан байытады.

Мектеп оқушылығының тиынақты білім алып, біліктілігі мен дағдыларын қалыптастыруды мақсат етіп қоя отырып, оларды ойлауға үйрету, өз бетінше білімдерін толықтырып, жаңа білімдерді игеру тәсілдерімен қаруландыру, алған білімдерін теориялық және тәжірибелік мәселелерді шешуге саналы түрде қолдана білу сияқты ақыл-ой белсенділігін де дамыту.

Ұсынылып отырған үйірме жұмысының бағдарламасы /5-сыныпқа аптасына 4,5 сағаттан/ барлығы 76 сағатқа арналып жазылған.

«ЖАС ЛИНГВИСТ» үйірме жұмысының мақсаты:

Сөйлеу, тіл мәдениеті машықтарын меңгерген, коммуникативтік біліктілігі артқан, логикалық ойлауы өз деңгейіне сәйкес дамыған, мәдениетті сөйлеуге бейімделген оқушыны тәрбиелеу және қазақ тілі сабақтарында ақпараттық, тілдік қарым - қатынасты дамытып, өзінің ана тілі-қазақ тілін сапалы меңгерген тұлға қалыптастыру.

Міндеті:

Сөз адамның ой-өрісін, мәдени дәрежесін, байыптылығын, ақыл-парасатын көрсететінін ұғындыру

Сөйлеу мәдениетіне қай уақытта болса да ерекше мән бергенін, қай халық болса да қатты бағалағанын түсіндіру

Сөйлеу мәдениеті сөйлеуші адамның ішкі жан дүниесінің тазалығына да, сөз өнеріне де қатыстылығын ескере білу

Сөзге шешен адам мәдениетті әрі шебер сөйлей білу керек екеніне түсінік беру.

Мәдениетті, ой-өрісі жоғары, өмірге сенімді, адал адамдардың сөйлеу тілі де жоғары болуға тиістілігін аңғарту

Тіл - адамның ішкі жан дүниесінің айнасы екенін ұғындыру.

Күтілетін нәтиже:

-6,7,8 - сынып оқулығы бойынша берілетін тақырыптар бойынша білімдері артады

- Тіл мәдениетін меңгерген, коммуникативтік біліктілігі артқан, логикалық ойлауы өз деңгейіне сәйкес дамыған оқушы қалыптасады-

Ұлттық мәдениетін құрметтей білетін, рухани адамгершілігі мол, отансүйгіш азаматы болып қалыптасуына ықпал жасалады.

Оқушылар білуге тиісті:

-Лексикалық ,грамматикалық нормаларды жас ерекшелігіне сай білу.

- Жалпы халыққа бірдей жиі қолданылатын сөздері тануы;

- Қосымшаларды тандап, талғай жалғай білуі;

- Сөйлем мүшелерін орнымен қолдана алуы;

- Сөз тіркесінің өзіне тән белгілерін білуі;

- Фонетика туралы толық мәлімет,сатылай кешенді талдау жүйесін қолдана алу

Оқушылар жасай алуға тиісті:

- өз ойын көркем,айшықты жеткізе білу

-жазба жұмыстарды сауатты жаза алу,өз пікірін жеткізіп ,дәлелді сөйлеуге машықтандыру.

-жазба жұмыстарын сауатты ,көркем жаза алу

-талдау жұмыстарын орындай алу

-зерттеу жұмыстарына бағдар,жоспар құра білу,

-ұлттық -танымдық ұғымдарды ұтымды қолдана алу

Пәнаралық кіріктіру: әдебиет,тарих,логика

Үйірмені ұйымдастыру формалары: зияткерлік ойын,хабарлама қорғау,сөздіктермен зерттеу жасау,дөңгелек үстел, практикалық -жаттығу жұмыстары

Үйірмені аяқтау формасы: «Үздік жас лингвист» зияткерлік ойын

Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесі: игерілді,игерілмеді

Үйірме жұмысына арналған жоспардың 5-сыныптағы базалық білім мазмұны

**Қазақ тілі мен әдебиетінің «Жас лингвист» атты үйірме жұмысын жүргізу кестесі
2025 – 2026 оқу жылы**

№	Т.А.Ә.	Пән	Оқушылармен жұмыс	Өткізілетін күні, уақыты
1.	Аушакимова Б.Б.	Қазақ тілі мен әдебиеті	6,7,8 сынып оқушылары	Күнделікті

Қатысушылар тізімі

реті	Аты -жөні	сыныбы
1.	Абельдинова Нурсулу	2
2.	Дулатпаева Амина	2
3.	Ягудин Равиль	2
4.	Шепилова Мария	2
5.	Закирьинова Дарина	6
6.	Семенча Денис	6
7.	Шмигельская Дарья	7
8.	Щербакова Лоя	7
9.	Брик Эвелина	7
10	Ягудин Максим	8
11	Рысбекова Дильназ	8

« Жас лингвист » атты үйірме жұмысының жоспары

Бағдарлама

«Тілі байдың-ойы да бай» атты қазақ тілін оқушыларды үйретуге арналған бағдарлама. Бұл оқу құралы қазақ тіл грамматикасын игеруге, туған жерінің тарихын, өнерін, тұрмыс-салтын біліп, тілді құрметтеуге, бейімдейді.

Бағдарлама мазмұны.

№	Модуль	Лексикалық тақырып	саны	күні	сыныптар	Грамматика
1.	Танысу.	Біз кіміз? Отбасымен таныстыру Менің құрбым Мамандық иесімен танысыңыз	4	2,4, 06. 2026 ж.	2 сынып	Үндестік заңы Тәуелдік жалғауы Зат есім жалғаулары Жіктік жалғауы
2.	Киіз үй	Киіз үйдің бөлшектері. Мамандық атаулары. Табиғат туралы. Жыл мезгілдері.	4	9,11,16,18 06.26 ж.	2 сынып	Зат есім Сын есім
3.	Бала өмірі	Бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлер Бала тәрбиесі бесіктен	2	3,5. 06.	6,7,8 сыныптар	Септіктер
4.	Қазақ халқының ұлттық киімдері	Ұлттық киімдер Киімдер Сәнді киімдер	2	8,10.06	6,7,8 сыныптар	Тәуелдік жалғауы Сын есім, Зат есім Барыс, ілік септік
5.	Тарих беттері	Көне қалалар Ежелгі қалалар. Отырар қаласы Ел Ордасы – Астана Кеншілер қаласы	3	12,15,17. 06.	6,7,8 сыныптар	Етістіктің шақтары (өткен шақ, нақ осы шақ, келер шақ) жіктік жалғауы
6.	Бабалар өмірі – болашаққа ұлағат	Қазақ музыкасы Өнер жұлдыздары	2	18,19.06.	6,7,8 сыныптар	Сан есім жіктік жалғауы болымсыз етістік жұрнағы
7.	Қазақстан – менің ата-мекенім	Елтану Қазақстан табиғаты	2	9,16.06	6,7,8 сыныптар	Тұйық етістік жалғаулары